

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулықты сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2014 жылға әлеуметтік шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы N 19-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 ақпанда N 2545 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихаты аппаратының 2016 жылғы 17 ақпандағы N 03-02-13/28 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихаты аппаратының 17.02.2016 N 03-02-13 /28 хаты).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 16.04.2014 N 24-3 шешімімен (бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 15 тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабы 8 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының әкімімен айтылған қажеттіліктерді есепке ала отырып, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулықты сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2014 жылға берілсін:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 16.04.2014 N 24-3 шешімімен (бірінші ресми

жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Д. Кудьяров

*Солтүстік Қазақстан облысының
Ақжар аудандық мәслихаттың
хатшысы*

М. Жұмабаев